

Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы және "Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы" Шымкент қалалық мәслихатының 2016 жылғы 17 наурыздағы № 58/450-5с шешімінің күшін жою туралы

Күшін жойған

Шымкент қаласы мәслихатының 2019 жылғы 11 желтоқсандағы № 58/508-6с шешімі. Шымкент қаласының Әділет департаментінде 2019 жылғы 20 желтоқсанда № 78 болып тіркелді. Күші жойылды - Шымкент қаласы мәслихатының 2020 жылғы 22 маусымдағы № 67/598-6с шешімімен

Ескерту. Күші жойылды – Шымкент қаласы мәслихатының 22.06.2020 № 67/598-6с шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізудің тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 наурыздағы Заңының 10 бабына сәйкес, Шымкент қаласының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Шымкент қаласында жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібі осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы" Шымкент қаласының мәслихатының 2016 жылғы 17 наурыздағы № 58/450-5с (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3669 болып тіркелген, 2016 жылғы 6 сәуірде "Шымкент келбеті" газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. "Шымкент қаласы мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Шымкент қаласының Әділет департаментіне мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді мемлекеттік тіркелген күнінен бастап оның көшірмесін Шымкент қаласы аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жолдануын;

3) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Шымкент қаласы мәслихатының интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шымкент қаласы

мәслихаты сессиясының төрағасы

Шымкент қаласы

мәслихатының хатшысы

Б. Тулегенов

Г. Ташкараев

Шымкент қаласы мәслихатының

2019 жылғы 11 желтоқсандағы

№ 58/508-6с шешіміне қосымша

Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібі "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізудің тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 наурыздағы Заңының (одан әрі – Заң) 10-бабына сәйкес әзірленіп, Шымкент қаласында жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін (бұдан әрі - Тәртіп) қосымша реттейді.

2. Митингілер, шерулер және демонстрациялар қоғамдық, топтық және жеке мүдделер мен қарсылық білдірудің нысандары ретінде, сонымен қатар қоғамдық орындарда аштық жариялауды, киіз үйлер, шатырлар, өзге де құрылыстар тұрғызуды және пикет қоюды түсіну керек.

2-тарау. Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізудің тәртібі

3. Жиналыс, митинг, шеру, пикет немесе демонстрация өткізу туралы өтініш – Шымкент қаласының әкімдігіне беріледі.

4. Жиналыс, митинг, шеру, пикет немесе демонстрация өткізу туралы өтініштерді еңбек ұжымдарының, қоғамдық бірлестіктердің немесе Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген топтарының он сегіз жасқа толған уәкілдері береді.

5. Жиналыс, митинг, шеру, пикет немесе демонстрация өткізу туралы өтініш оны өткізудің белгіленген датасынан кемінде он күн бұрын жазбаша нысанда беріледі. Өтініште шараны өткізу мақсаты, нысаны, өткізілетін жері немесе қозғалыс маршруттары, оның басталатын және аяқталатын уақыты, қатысушылардың ықтимал саны, уәкілдердің (ұйымдастырушылардың) және

қоғамдық тәртіптің сақталуына жауапты адамдардың тегі, аты, әкесінің аты, олардың тұратын және жұмыс істейтін (оқитын) жері, өтініштің берілген датасы көрсетіледі. Өтініштің берілген мерзімі оның жергілікті атқарушы органда тіркелген күнінен бастап есептеледі.

6. Шымкент қаласының әкімдігі өтінішті қарайды және өтініште көрсетілген шараның өткізілетін уақытынан кемінде бес күн бұрын уәкілдерге (ұйымдастырушыларға) қабылданған шешім туралы хабарлайды.

7. Жиналыс, митинг, шеру, пикет немесе демонстрация өткізу туралы өтініш берілген кезде осы Тәртіптің 4 және 5-тармақтарының талаптары сақталмаған жағдайда Шымкент қаласының әкімдігі жіберілген кемшіліктерді жоюды түсіндіре отырып, ресми жауап береді. Жаңа өтінішті қарастыру мерзімі оның түскен сәтінен бастап есептеледі.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - Шымкент қаласы мәслихатының 03.04.2020 № 63/555-6с шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

7-1. "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңының 12-бабына сәйкес, өтініш иесі қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда, жоғары тұрған органға немесе сот органдарына жүгінуге құқылы.

Ескерту. Тәртіп 7-1-тармақпен толықтырылды - Шымкент қаласы мәслихатының 03.04.2020 № 63/555-6с шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

8. Шымкент қаласының әкімдігі басқа азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, қоғамдық қауіпсіздікті, сондай-ақ көліктің, өзге де инфрақұрылым объектілерінің қалыпты жұмыс істеуін, жасыл желектер мен шағын сәулет нысандарының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында, қажет болған жағдайда, өтініш жасағандарға шараны өткізудің өзге уақыты мен орнын ұсынады.

9. Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар, сондай-ақ оларға қатысушылардың сөз сөйлеуі өтініште көрсетілген мақсатқа сәйкес, белгіленген мерзімде және келісілген орында өткізіледі.

10. Жиналыстарды, митингілерде, шерулерді, пикеттерді, демонстрацияларды өткізу кезінде уәкілдер (ұйымдастырушылар), сондай-ақ басқа да қатысушылар қоғамдық тәртіпті сақтауға міндетті.

11. Шараларды ұйымдастырушылар мен оларға қатысушыларға:

- 1) көліктің және жаяу жүргіншілердің қозғалысына бөгет жасауына;
- 2) шағынауданның (тұрғын алаптың) инфрақұрылым объектілерінің үздіксіз жұмыс істеуіне кедергі келтіруіне;

3) Шымкент қаласы әкімдігінің келісімінсіз киіз үйлер, шатырлар, өзге де уақытша құрылыстар тұрғызуына;

4) шараны өткізу кезінде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуші мемлекеттік органдар өкілдерінің қызметіне кез келген нысанда араласуына;

5) жасыл желектерге, шағын сәулет нысандарына залал келтіруіне;

6) өзімен бірге суық қаруды, атыс және өзге де қаруды, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қарсы азаматтарға, және заңды тұлғалардың меншігіне материалдық залал келтіру үшін пайдаланылуы мүмкін арнайы жасалған немесе бейімделген заттарды алып жүруіне тыйым салынады.

12. Шымкент қаласының әкімдігі бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізуге тыйым салу туралы шешім қабылдаған жағдайда, ұйымдастырушылар (уәкілдер) бұл туралы жұмыстарын тоқтату туралы дереу шара қолданып, әлеуетті қатысушыларға хабарлайды.

13. Егер, жиналысты, митингіні, шеруді, пикетті немесе демонстрацияны өткізудің мақсаты нәсілдік, ұлттық, әлеуметтік араздықты, діни төзімсіздікті, тектік астамшылықты қоздыру, республиканың конституциялық құрылысын күш қолданып құлату, аумақтық тұтастығына қол сұғу, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Конституциясының заңдары мен өзге де нормативтік актілерінің басқа қағидаларын бұзу болса, немесе оларды өткізу қоғамдық тәртіп пен азаматтардың қауіпсіздігіне қатер төндіретін болса, Шымкент қаласының әкімдігі бұларды өткізуге тыйым салады. Барлық жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер немесе демонстрациялар бейбіт сипатта болуы тиіс.

14. Темір жол, су және әуе көлігі объектілерінде, сондай-ақ қорғаныс қабілетін, мемлекеттің қауіпсіздігін және халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін ұйымдарда (қалалық қоғамдық көлік, сумен, электр энергиясымен, жылумен және басқа да энергия тасымалдаушылармен жабдықтау) және денсаулық сақтау және білім беру мекемелерінде бұқаралық іс-шаралар өткізуге жол берілмейді.

15. Шымкент қаласында жиналыстар, митингілер өткізу орындары болып бекітілсін:

1) "Наурыз" алаңы (Бәйдібек би даңғылы, нөмірсіз);

2) "Металлургтер" саябағындағы алаңша (Абай даңғылы, нөмірсіз).

16. Шымкент қаласында шерулер мен демонстрациялар өткізу маршруты болып Т.Өтегенов көшесі (Т.Рысқұлов көшесі мен Ұ.Арғынбеков көшелерінің аралығы) белгіленсін.

17. Пикет өткізу кезінде:

1) пикет өткізілетін объектінің алдында тұруға, отыруға;

2) көрнекі үгіт құралдарын пайдалануға;

3) пикеттің тақырыбы бойынша қысқа ұрандар, құлақтандыруларға қышқыруға рұқсат етіледі.

18. Пикетті өзге нысанға (митинг, жиналыс, шеру, демонстрацияға) өзгерту белгіленген тәртіппен Шымкент қаласының әкімдігінен рұқсат алу талап етіледі.

19. Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар Шымкент қаласы әкімдігі өкілінің талап етуі бойынша мына жағдайларда тоқтатылады.

1) өтініш берілмеген болса;

2) тиым салу туралы шешім қабылданған;

3) өткізу тәртібі бұзылса, осы Тәртіптің 11, 13 және 14-тармақтарының талаптары сақталмаса, сондай-ақ азаматтардың өмірі мен денсаулығына қауіп төнетін, қоғамдық тәртіп бұзылатын жағдайда.

Ескерту. 19-тармаққа өзгеріс енгізілді - Шымкент қаласы мәслихатының 03.04.2020 № 63/555-6с шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

20. Шымкент қаласы әкімдігі өкілінің талабын орындаудан бас тартылған жағдайда оның нұсқауы бойынша ішкі істер органдары жиналысты, митингіні, шеруді, пикетті және демонстрацияны тоқтату жөнінде қажетті шаралар қолданады.

3-тарау. Жиналыстарды, митингілерді, шерулерді, пикеттерді және демонстрацияларды өткізу тәртібін бұзғаны үшін жауапкершілік

21. Жиналыстарды, митингілерді, шерулерді, пикеттерді және демонстрацияларды ұйымдастыру мен өткізудің белгіленген тәртібін бұзған адамдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауап береді.

22. Жиналыстарды, митингілерді, шерулерді, пикеттерді және демонстрацияларды өткізу кезінде оларға қатысушылардың азаматтарға, қоғамдық бірлестіктерге, мемлекетке келтірген материалдық залалы үшін заңда белгіленген тәртіп бойынша өтем жасалуға тиіс.

23. Жиналыс, митинг, шеру, пикет және демонстрация өткізудің барлық қосымша шығындарын (қоғамдық тәртіпті сақтау, үй-жайлар беру, санитарлық тазарту, жарық беру және техникалық жарақтау және тағы басқа жөніндегі) оларды ұйымдастырушылар өтейді.